

Педагогтың аты-жөні	Курманиязова А.А.			
Күні	11.02.22			
Сынып	Қатысушылар саны	Қатыспағандар саны		
Сабақтың тақырыбы	Демографиялық көрсеткіштер			
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	8.4.1.3- елдердің демографиялық жағдайын талдап, демографиялық көрсеткіштерін есептейді: халық саны, туу және өлім коэффициенттері, табиғи және механикалық өсім, жалпы өсім, жас-жыныстық көрсеткіштер, ұлттық және діни құрам			
Сабақтың мақсаты	Демографиялық көрсеткіштерді: (туу, өлім-жітім коэффициенттері, табиғи, механикалық, жалпы өсім) атайды; Демографиялық көрсеткіштерді маңыздылығын түсіндіріп, есептеу әдістерін қолданады			
Бағалау критерииі	Білу және түсіну. Туу, өлім коэффициенттері, табиғи, механикалық, жалпы өсім ұғымдарын біледі. Қолдану. Демографиялық көрсеткіштерге байланысты есептерді шығара алады			
Сабақтың кезеңі/ уақыты	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурс
Басы (3 мин.)	I. Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен амандасу, сыныпты түгендеу. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру. Өткенге шолу - Халық санағы дегеніміз не? - Халық санағы неше жыл сайын өткізіліп тұрады?	Оқушы мұғаліммен амандасады, түгенденеді. Берілген сұраққа жауап береді	Мұғалімнің ауызша бағалауы	Презентация №1
Ортасы (7 мин)	Ой –шақыру. 1. Демография ғылымы нені зерттейді? 2. Демографиялық көрсеткіштерге не жатады? Сабақ тақырыбы таныстырылып, мақсаты айтылады. Түсіндірме жұмыс	Оқушылар сабақ тақырыбы мен мақсатын танысады		Презентация №2-5

Халық саны динамикасының себептері

Халық санын
көбейтеді

Халық санын
азайтады

Нәтижесі

Туу

Өлу

Халықтың
табиғи өсімі

Көшіп
келу

Көшіп кету

Халықтың
механикалық өсімі

(7 мин.)	Демографиялық көрсеткіштерді есептеу формулалары • 1,2. Туу, өлу коэффициенттері – бір жылда тірі туылғандар мен қайтыс болған адамдардың жалпы санының халық санына қатынасының промиллемен (%) көрсетілген демографиялық көрсеткіші. Есептеу формуласы: $K (\text{жалпы туу}) = \frac{N \cdot 1000}{S}$ $K (\text{жалпы өлу}) = \frac{M \cdot 1000}{S}$ • Формуладағы: <i>N</i> – туылғандар саны, <i>M</i> – қайтыс болғандар саны, <i>S</i> – халық саны. Жеке жұмыс. №1,2,3 тапсырма. Формулаларды пайдаланып, демографиялық есептерді шығарыңыздар. Демографиялық есептеулерді жүргізудің мемлекет үшін маңызын талдаңыздар. 1 тапсырма. 2012 жылы Қазақстанда 379 000 адам туып, 141 000 адам қайтыс болды. Халқының саны 16 791 000 мың адамды құрады. Табу керек: <i>Халықтың туу коэффициенті,</i> <i>Халықтың өлім коэффициенті;</i> <i>Халықтың табиғи өсім коэффициенті</i> 2 тапсырма. 2013 жылы Қазақстанда 393421 адам туып, 137630 адам қайтыс болды. Халқының саны 17035 000 мың адамды құрады. Табу керек: <i>Халықтың туу коэффициенті,</i> <i>Халықтың өлім коэффициенті;</i>	Оқушылар жеке берілген есептерді формуланы қолдау арқылы шығарады	Бағалау. Өзін-өзі бағалау және мұғалімнен кері байланыс жүргізіледі. (3 балл)	Презентация №9,11,13
----------	---	---	--	-------------------------

(15 мин.)

Халықтың табиғи өсім коэффициенті

3 тапсырма.

2014 жылы Қазақстанда 401066 адам туып, 132236 адам қайтыс болды. Халқының саны 17289 000 мың адамды құрады.

Табу керек:

Халықтың туу коэффициенті,

Халықтың өлім коэффициенті;

Халықтың табиғи өсім коэффициенті

Тапсырма №	Дескрипторлар Оқушы
1,2,3	Туу мен өлім коэффициенттерге байланысты есептер шығарады;
	Табиғи өсім коэф және жалпы табиғи өсімді есептей алады;

Оқушылар жеке орындаған тапсырмаларында шықан есептің бірдей жауаптары арқылы топқа бөлу

Топтық жұмыс

Ойын тасы мен хикая №1



Ойын тасы мен хикая №2



Оқушылар есептің бірдей жауабы арқылы топқа бөлінеді. Берілген тапсырмаларды орындайды.

Топтар берілген жауаптары арқылы бір бірін бағалауды 1-ші ойын тасы бойынша: Сөйлемнің құру ережесінің сақталуына 1-балл; 2-ші ойын тасы бойынша: Сөйлем мағынасына – 1 балл

Қосымша тапсырма қағаздары

Ойын тасы мен хикая №3



Ескерту!
1. Бір мағыналы хикая құрастыру қажет.
2. Бір немесе екі құрмалас сөйлемнен құрастыру керек.
3. Халық, демография, көші-қон, табиғи өсім сөздерінің бірі қолдануы қажет.

Тапсырма №	Дескрипторлар Оқушы
1,2,3	Ойын тасы арқылы екі хикая ойлап табады;
	Ойын тастары арқылы құрмалас сөйлеп ойлап табады;
	Ойын тастары арқылы құрмалас сөйлеп ойлап табады;

1-тапсырма

Жұптық жұмыс



(7 мин.)

Оқушылар Flippity бағдарламасы арқылы жұпқа бөлінеді. Жұппен карта бойынша тапсырманы орындайды

Сөйлемнің құру ережесінің ақталуына 1-балл ;
3-ші ойын тасы бойынша:
Сөйлем мағынасына – 1 балл
Сөйлемнің құру ережесінің ақталуына 1-балл ;
Барлығы 5-балл

Жұптар бір бірін бағалауы, мұғалімнің ауызша бағалауы (2 балл)

Flippity бағдарламасы Қосымша тапсырма қағазы

(3 мин.)

Көп ұлтты мемлекеттер дүниежүзінде басым. Үндістанда 456-дан астам этнос бар, олар 100 тілде сөйлейді. Қытайда 56 этнос, Ресейде 193-тен астам. Ең көп ұлтты мемлекеттің бірі – АҚШ, бір ғана Нью-Йорк қаласында 177 этнос өкілі тұрады. Қазақ халқының жерінде 130-дан астам ұлт өкілдері өмір сүріп жатыр.

Сұрақ:

Қазақтар – елдің байырғы тұрғындары және мемлекетті қалыптастырушы этнос. Қазақстан көп ұлтты мемлекеттердің бірі, этностары сандық және тілдік құрамы бойынша ажыратылады.

Берілген этностарды алатын орнына байланысты сәйкестендіріңіз:

Орыс	4-орын
Қазақ	2-орын
Өзбек	1-орын
Неміс	3-орын

2-тапсырма

Әр халықтардың өкілдері Қазақстанға әр түрлі себептермен және белгілі бір тарихи кезеңдерде көшіп келгендер.

Сұрақ:

Қай облыстарда ұйғырлар мен дүнгендер шоғырланған?

Неліктен?

Тапсырма №	Дескрипторлар Оқушы
1,2	Берілген ақпаратты дұрыс жауабымен сәйкестендіреді;
	Ел аумағында дүнгендер мен ұйғыр халқының орналысын анықтап, себебін түсіндіреді.

Қорытынды сұрақтар

1. Демография дегеніміз не?
2. Табиғи өсу дегеніміз не?
3. Механикалық өсу дегеніміз не?
4. Көші қон сальдосы деген не?

	5. Егер елде 1 жыл ішінде келген адам саны 450 адам, кеткендер 150 адам болса, көші қон сальдосы нешеге тең? 6. Егер туылғандардың саны қайтыс болғандардың санынан асатын болса, Халықтың табиғи өсімі қандай болады? 7. Өлім-жітім саны туу санынан көп болып, Халықтың табиғи өсімі қандай болады? 8. Туу коэффициентін қалай анықтаймыз 9. Табиғи өсімді қалай анықтаймыз?	Wordwall бағдарлама арқылы оқушылар берілген сұраққа ауызша жауап береді	Мұғалімнің ауызша бағалауы	Wordwall бағдарламасы
Сабақтың соңы (3 мин.)	Кері байланыс Рефлексия  "Бес саусақ" әдісі • Бас бармақ – Не үйрендім? Маған не ұнады? • Балан үйрек - Бүгін мен не жасадым және неге қол жеткіздім? • Ортан терек – Менің көңіл-күйім? • Шылдыр шүмек – Бүгін кімге көмектесе алдым? • Кішкене бөбек – Қандай қиындық болды, оны жеңе алдым ба? Үй тапсырмасы: Тақырыпты оқу	Оқушылар бүгінгі сабақ туралы өз пікірлерімен бөліседі.		Презентация №18